«Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ
Директорлар кеңесінің 2016 жылғы «___» _____
№ __ шешіміне № __ қосымша

«Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ корпоративтік басқару қағидаттарын ұстану туралы 2015 жылғы есеп

№	Корпоративтік басқару кодексінің нормасы/Корпоративтік басқару қағидаты	Сақталады/ сақталмайды	Корпоративтік басқару нормаларын/қағидаттарын сақтау үшін орындалған іс-шаралар	Орындамау фактісі туралы түсініктемелер және орындау бойынша қабылданатын шаралар
1	Үкімет Қордың акционері ретінде	Ішінара сақаталады	Жылжымайтын мүлік қоры (қоғам) меншіктің жекеше нысанындағы ұйымы болып табылады және Жырғы мен ішкі құжаттарды басшылыққа алады. Қоғамның негізгі бағыттары, сондай-ақ мемлекеттік бағдарламалар шеңберінде объектілерге қойылатын талаптар ҚР Үкіметінің қаулыларында регламенттеледі. Алайда, шешімдер қабылдау рәсімдерін Қоғам мемлекеттің қатысуынсыз өз бетінше белгілейді. Үкімет пен ЖА, Жылжымайтын мүлік қоры арасындағы өзара қарым-қатынас (өзара әрекеттесу) ЖА Директорлар кеңесі арқылы тиісті корпоративтік басқару қағидаттарына сәйкес жүзеге асырылады. Қоғам өзінің негізгі қызметі шеңберінде әрекет жасайды, қызметтің Жаңа бағдарларын («жасыл» құрылыс) іске асыру туралы шешім қабылдаған кезде, Корпоративтік басқару кодексінің осы нарықта бәсекелестіктің болмауы немесе Қоғам шағын және орта бизнестің дамуына ықпал етуі шартына негізделеді. Жылжымайтын мүлік қорының даму стратегиясы 2014-2023 жылдар кезеңіне әзірленген және ДК 20.03.2014 жылғы №80 шешімімен бекітілді. Стратегия он жылдық кезеңге арналған пайымдауды, миссияны, мақсаттарды, міндеттерді,	ДК нарықтың ішкі және сыртқы жағдаятының өзгерістерін, форс-мажорлық жағдайларды ерте анықтау және оларға уақытылы ден қою жүйесін енгізу бойынша шаралар қабылдауы тиіс. Тәуекелдерді сандық бағалау әдістемесі Басқарманың 24.12.2015 жылғы шешімімен бекітілді. Тәуекелдер және бақылау матрицасын енгізу 2016 жылдың соңына дейін жоспарланды. Аталған

			стратегиялық бағыттар мен ҚНК айқындайды, еншілес ұйымдардың даму бағыттарын қамтиды. Қоғамның қолданыстағы құжаттары Даму стратегиясына сәйкес келтірілген, басқару органдарының құзыреті Жарлықта айқындалған. Қоғамның 2015-2019 жылдарға арналған даму жоспары Даму стратегиясында белгіленген стратегиялық мақсаттар мен міндеттердің негізінде әзірленген. ДК-мен 2015 жылы Даму стратегиясын іске асыру бойынша іс-шаралар жоспарын орындау қорытындылары қаралды (18.03.2016 жылғы №99 хаттама). Сондай-ақ ДК Даму жоспарын орындау туралы есептерді қарау, сондай-ақ оны түзету және оны жыл сайын әзірлеу кезінде стратегиялық ҚНК жету мәселелерін тоқсан сайын қарады. 2015 жылғы жылдық есепте Қоғамның қаржыландыру көздерін көрсете отырып, әлеуметтік маңызы бар жобалар (Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасы, «Жасыл орам») бойынша қызметі туралы ақпарат жан-жақты баяндалды.	іс-шара Басқарманың ҚНК картасының жобасына енгізілді. Қоғамның Жарғысына Үкімет мүшелері, мемлекеттік қызметшілер ДК кірмейтіні туралы өзгерістер ДК 18.03.2016 жылғы №99 шешімімен мақұлданды. Алаяқтық туралы ықтимал немесе белгілі болған фактілер туралы хабарламалармен жұмыс жасау саясатына болжалды бұзушылықтар туралы хабарламаларды ІАК-ға жіберуге қатысты өзгерістер енгізу қажет. ДК 03.02.2016 жылғы №97 шешімімен бекітілген 2016-2018 жылдарға арналған корпоративтік басқару жүйесін жетілдіру жөніндегі орта мерзімді жоспарда аталған іс-шараны 2016 жылғы 4-тоқсанда өткізу көзделген.
2	**Қор мен ұйымдардың**	Ішінара	Жалғыз акционермен өзара әрекеттесу қағидаттары мен тәртібі	ЖА-ның 2015 жылға

	өзара әрекеттесуі. Қордың ұлттық басқарушы холдинг ретіндегі рөлі. Қордағы және Қоғамдағы корпоративтік басқару жүйесі.	сақталады	Жарғыда («Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының 05.03.2009 жылғы №10/09 шешімі, «Самұрық-Қазына» АҚ 14.01.2010 ж. №3-п, 26.10.2011 ж. №99-п бұйрықтары, «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының 02.10.2012 ж. №39/12 шешімі), Корпоративтік басқару кодексінде («Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының 27.05.2015 жылғы №27/15 шешімі) бекітілген. Қоғам Жалғыз акционер алдындағы жауапкершілігін түсіне отырып, мыналарды: - басты шешімдерді тиімді қабылдауға бағытталған корпоративтік басқару қағидаттары шеңберінде Жалғыз акционердің құқықтарын іске асыруды қамтамасыз етеді; - Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының, Жарғының, Жылжымайтын мүлік қоры ішкі нормативтік құжаттарының талаптарына сәйкес қаржылық-шаруашылық қызмет нәтижелері туралы дұрыс ақпаратты ұсынады; - Жалғыз акционер 2014 жылғы жылдық есепті бекітті («Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының 05.03.2009 жылғы №10/09 отырысының үзінді көшірмесі); - таза кірісті үйлестіру тәртібін бекіткеннен және дивиденттерді төлеу туралы шешім қабылдағаннан кейін дивиденттерді уақытылы және толық мөлшерде төлейді («Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының 29.04.2015 жылғы №15/15 шешімімен бекітілген 2014 жылғы жылдық қаржылық есептілік); - Жалғыз акционерден алынған 18.08.2009 жылғы №10/ФН кредиттік шарт бойынша негізгі берешекті мерзімінен бұрын ішінара өтеуді жүзеге асырады; - Жалғыз акционерге ұсынылатын бекітілген есептілік топтамасына сәйкес басқарушылық және қаржылық есептілікті уақытылы жолдайды; - қызметтің жоспарлары, жетістіктері, қызметтегі проблемалары туралы қосымша мәліметтерді, сондай-ақ басқа	болжалдары 28.10.2015.ж. хатпен жолданды. Қоғамның Жарғысына ҚНК-ға жетуді бағалау Тораға мен Басқарма мүшелеріне берілетін сыйақы мөлшеріне және көтермелеуге ықпал ететініне қатысты өзгерістер олар қайта сайланған (тағайындалған) кезде ескеріледі, сондай-ақ құзыреттерін мерзімінен бұрын тоқтатуға негіз бола алады (ДК 18.03.2016 ж. №99 шешімімен мақұлданды). Қазіргі уақытта Басшы қызметкерлердің қызметін бағалау қағидаларына өзгерістер жобасы әзірленуде, жоба ЖА Жарғыға өзгерістерді бекіткеннен кейін бекітіледі. Орта мерзімді жоспарға сәйкес аталған іс-шараның аяқталуы 2016 жылғы 3-тоқсанға дейін деп күтіледі.

			ұйымдардың Қоғамның қызметі туралы аналитикалық материалдары мен зерттеулерін ұсынады.	Қоғамның ұйымдық құрылымын талдау қажет. ДК 18.03.2016 ж. №99 шешімімен Қоғамның оңтайлы ұйымдық құрылымы бекітілді.
3	**Тұрақты даму**	Ішінара сақталады	Жылжымайтын мүлік қоры ықпал ету мүмкіндігінің дәрежесі көрсетілген мүдделі тараптар тізбесі белгіленген, Корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік саласындағы саясат қолданылатын (ДК 20.05.2015 ж. №92 шешімімен бекітілген өзгерістер мен толықтырулар бар ДК 29.08.2012 ж. №65 шешімі), АА1000 стейкхолдерлерімен халықаралық өзара әрекеттесуді ұйымдастыру стандарттарына негізделген мүдделі тараптармен өзара әрекеттесу қағидаттары белгіленген стейкхолдерлер картасын әзірледі (Басқарманың 15.05.2012 ж. №19/2012 шешімі). Жылжымайтын мүлік қоры Мүдделі тараптармен өзара әрекеттесу бойынша іс-шаралар жоспарын әрбір жылға әзірлеп бекітеді (Басқарманың 11.02.2014 ж. №05/2014 шешімі, 20.02.2015 ж., 27.01.2016 ж. шешімі). ЖА мен Қоғам мақсаттарының сәйкес болуына орта мерзімді Даму жоспарын, Корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік саласындағы саясатты, Экологиялық саясатты және басқа да ішкі құжаттарды бекіту жолымен іске асырылатын ұзақ мерзімді Даму стратегиясында (2014-2023 жылдарға) қол жеткізіледі.	ДК 18.03.2016 ж. №99 шешімімен Қоғамның Жарғысына ДК-нің тұрақты даму, жылдық есепті бекіту саласындағы құзыреттерін бекітуге қатысты өзгерістер мақұлданды. Құрылымдық бөлімшелер Ақпаратты ашу ережесіне, Директорлар кеңесі туралы ережеге өзгерістер жобаларын әзірлеуде. Орта мерзімді жоспарға сәйкес аталған іс-шараның аяқталуы 2016 жылғы 3-тоқсанға дейін болжанады.
4	**Акционерлердің (қатысушылардың) құқықтары және Акционерлерге (қатысушыларға) әділ**		Заңнама, жарғы және Қоғамның ақпаратты ашу ережесі ЖА ақпаратын ашу мәселелерін регламенттейді. Жарғының 47-тармағына сәйкес Қоғам ЖА-ға өз қызметі туралы, оның ішінде заңнамалық актілер мен Жарғыға сәйкес СҚЖМҚ акционерінің мүдделерін қозғайтын ақпаратты жеткізеді. Жарғының 47-	

	қарым-қатынас		тармағында ЖА арналған хабарламаларды орналастыру үшін БАҚ көзделген. Сонымен қатар «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының 03.10.2013 ж. № 56/13 шешімімен бекітілген Еншілес және тәуелді ұйымдарды басқару регламенті іске асырылуда. Акционер және басқа да мүдделі тараптар ЖА есебін және тексерілген жылдық қаржылық есепті қамтитын жылдық есеп арқылы ақпаратты алады. Процесс Қордың ЕТҰ басқару жөніндегі басшылығымен және СҚЖМҚ ішкі құжаттарымен (Жарғы, Ақпаратты ашу ережесі және т.б.) регламенттелді. Жарғының 48-тармағына сәйкес ЖА талабы бойынша СҚЖМҚ оған заңнамалық актілерде көзделген құжаттардың көшірмелерін ұсынуға міндетті. Ақпаратты ашу саясатында да тиісті нормалар (4.3-т.) қамтылған.	
5	**Директорлар кеңесі мен атқарушы органның тиімділігі**	Ішінара сақталады	Директорлар кеңесінің қызметі Жарғыда, Корпоративтік басқару кодексінде, Директолрлар кеңесі туралы ережеде регламенттелген. ДК-ға үміткерлерді іріктеу «Самұрық-Қазына» АҚ компанияларының тәуелсіз директорларын іріктеу қағидаларына («Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының 08.06.2010 ж. №36/10 шешімі) және «Самұрық-Қазына» АҚ компаниялар тобының директорлар кеңесі мен қадағалау кеңестеріндегі «Самұрық-Қазына» АҚ өкілдерін тағайындау және олардың қызметін қамтамасыз ету тәртібіне (Басқарманың 01.10.2009 ж. №88/09 хаттамасы) сәйкес жүзеге асырылады. Компанияның Жарғысында ДК мүшелеріне, оның ішінде Компанияның тәуелсіз директорларына да қойылатын критерийлер белгіленді (33-т.). Бұдан басқа ДК мүшелеріне қойылған талаптар «Акционерлік қоғамдар туралы» ҚРЗ және «Самұрық-Қазына» АҚ компанияларының тәуелсіз директорларын іріктеу қағидаларында да белгіленді. 2015 жылы «Қазақстан тәуелсіз директорлар қауымдастығы» ҚҰ Директорлар кеңесінің қызметіне бағалауды өткізді. Директорлар кеңесінің қызметіне бағалау нәтижелері, сонда-ақ СҚЖМҚ	ДК 18.03.2016 ж. №99 шешімімен Қоғам жарғысына ДК құрамына, ДК мүшелерінің құзыреттеріне, директорларды сайлау тәртібіне, ДК мүшелерінің өкілеттіктері мерзіміне, ДК мүшелірінің қызметіне, сабақтастық жоспарлардың болуына, ДК төрағасының, тәуелсіз аға директордың (тағайындалған жағдайда) және т.б. басты функцияларын

			Директорлар кеңесінің қызметін жетілдіру бойынша жоспар Директорлар кеңесінің 2015 жылғы 30 желтоқсандағы № 96 отырысында қаралды. ДК мүшелерінің біліктілігін арттыру және сырттан сарапшыларды тарту саясатына (ДК 29.08.2012 ж. №65 шешімі) сәйкес ДК мүшелері үшін оқыту семинарлар ұйымдастырылды. 2015 жылғы 15 маусымда Директорлар кеңесінің мүшелері «ПрайсуотерхаусКуперс» компаниясы ұйымдастырған «Самұрық-Қазына» АҚ корпоративтік басқарудың жаңа кодексі» тақырыбындағы семинарға қатысты. 2015 жылғы 8-9 қыркүйек аралығында тәуелсіз директорлар Ж. Әбдікәрімова, Э. Хоуинк және М. Әзірбаев «BREEAM ғимараттарының тиімділігін экологиялық бағалау әдісіне кіріспе» және «Сертификаттық процестің бағалау критерийлері мен оның негізгі талаптарын талдау» тақырыбындағы семинарларға қатысып сертификат алды. Директорлар кеңесі туралы ережеде («Самұрық-Қазына» АҚ 14.01.2010 ж. №3-п бұйрығы, ДК 23.09.2009 ж. №10 шешімі) ДК отырысының күн тәртібін белгілеу, ДК отырыстарын шақырту, ДК шешімдер қабылдау және ДК отырыстары хаттама жүргізу рәсімдері, сондай-ақ ДК мүшелерінің жауапкершілігі айқындалды. Өкілеттіктерді нақтылау және аражігін ажырату мақсатында Э. Хоуинк және М. Әзірбаев «BREEAM ғимараттарының тиімділігін экологиялық бағалау әдісіне кіріспе» және «Сертификаттық процестің бағалау критерийлері мен оның негізгі талаптарын талдау» тақырыбындағы семинарларға қатысып сертификат алды. Қоғам органдары арасында өкілеттіктерді нақтылау және аражігін ажырату, корпоративтік басқаруды жетілдіру мақсатында Директорлар кеңесі мындай нормативтік құжаттарға: - «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ	нақтылауға қатысты өзгерістер мен толықтырулар мақұлданды. Қазіргі уақытта Директорлар кеңесі туралы ережеге өзгерістер жобасы әзірленуде. Ереже ЖА Жарғыға өзгерістерді бекіткеннен кейін бекітіледі. Орта мерзімді жоспарға сәйкес аталған іс-шараның аяқталуы 2016 жылғы 3-тоқсанға дейін болжанады.

			Тұрғын үй құрылысы жобаларын іріктеу және қарау қағидаларына; - «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ «Қолжетімді тұрғын үй - 2020» бағдарламасы бойынша тұрғын және коммерциялық (тұрғын емес) үй-жайларды іске асыру қағидаларына; -«Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ Ішкі бақылау жүйесі туралы ережеге; - «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ Корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік саласындағы саясатқа; - «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ Корпоративтік хатшылық туралы ережеге; - «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ омбудсмені туралы ережеге; - «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі комитеті туралы ережеге; - «СК Девелопмент» ЖШС жарғысына өзгерістер мен толықтыруларды; - «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ Ішкі аудит қызметі туралы ереженің жаңа редакциясын; - «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ Тәуекелдерді сәйкестендіру және бағалау қағидаларының жаңа редакциясын; - «ФН Менеджмент» ЖШС жарғысының жаңа редакциясын бекітті. ДК аудит, көтермелеу, тағайындау, стратегиялық және инновациялық мәселелер жөніндегі комитеттері жұмыс істейді. Жылжымайтын мүлік қоры Директорлар кеңесінің 2015 жылғы 26 ақпандағы №90 шешімімен мыналар: - «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ Директорлар кеңесінің Стратегиялық және инновациялық мәселелер жөніндегі комитетінің өкілеттік мерзімі «Самұрық-	

			Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ Директорлар кеңесінің жалпы мерзімі аяқталғанға дейін белгіленді. Ең үздік халықаралық тәжірибеге сәйкес ДК комитеттерінің төрағалары болып тәуелсіз директорлар сайланды. 2015 жылы Директорлар кеңесінің Жұмыс жоспарына сәйкес Директорлар кеңесінің 7 бетпе-беп отырысы өткізілді және 124 мәселе қаралды. ДК отырыстар қорытындылары бойынша 203 шешім қабылданды және 45 тарпсырма берілді. 37 тапсырма орындалды, 8 тапсырма атқарылуда. 2015 жылы Директорлар кеңесі мыналарды қарап бекітті: - «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ тәуекелдерді басқару жөніндегі 2014 жылғы есептерді, 2015 жылғы тоқсан сайынғы есептерді; - «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ объектілерін салу кезінде құрылыс салушылар сатып алған тауарлардағы, жұмыстардағы және көрсетілетін қызметтердегі жергілікті құрам туралы 2014 жылғы есепті; - Ішкі аудит қызметінің 2014 жылғы есептерін, 2015 жылғы тоқсан сайынғы есептерін; - «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ Ішкі аудит қызметінің персоналы бойынша стратегияны; - Ішкі аудит қызметі мен оның басшысының 2015 жылғы қызметінің негізгі көрсеткіштерін; - «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ Ішкі аудит қызметінің 2015-2017 жылдарға арналған стратегиялық даму жоспарын; - «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ Ішкі аудит қызметінің 2015, 2016 жылдарға арналған жылдық аудиторлық жоспарын; - «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ Корпоративтік хатшысының ҚНК және Корпоративтік хатшы қызметі қызметкерлерінің 2015 жылға арналған мақсаттар карталарын;	

			- Ірі мәмілелер және оларды жасауға мүдделілігі бар «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ жасаған мәмілелер туралы тоқсан сайынғы есептерді; - «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ 2014-2018 жылдарға арналған даму жоспарының орындалуы туралы 2014 жылғы есепті және 2015 жылғы тоқсан сайынғы есептерді; - «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ 2014-2018 жылдарға арналған даму жоспарына түзетулерді; - «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ басшы қызметкерлері қызметінің 2014 жылғы нақты мәндері бар негізгі көрсеткіштерінің карталарын; - «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ басшы қызметкерлері қызметінің негізгі көрсеткіштерінің 2015 жылғы карталарын; - «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ Директорлар кеңесі Комитеттерінің қызметі туралы 2014 жылғы есептерді; - «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ Омбудсменнің қызметі туралы 2014 жылғы есепті және «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ Омбудсменнің өкілеттігін ұзартуды; - «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ қазынашылық портфелінің негізгі параметрлерін; - «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ Директорлар кеңесінің 2016 жылға арналған жұмыс жоспарын; Тәуелсіз директорларды қоспағанда, Директорлар кеңесінің мүшелері өз қызметін ақысыз негізде жүзеге асырады. Тәуелсіз директорларға сыйақы төлеу және (немесе) олардың шығындарын өтеу тәртібі «Самұрық-Қазына» АҚ Компаниялары тәуелсіз директорларына сыйақы төлеу және олардың шығындарын өтеу қағидаларымен реттеледі. Сыйақы Директорлар кеңесі мүшесінің міндеттерін орындау үшін жартыжылда бір рет директордың күнтізбелік жылдың тиісті	

			жартыжылындағы жұмыс кезеңіне тең ақшалай төленетін тиянақталған сыйақыдан және Директорлар кеңесі комитеттерінің бетпе-беп отырыстарына қатысқаны үшін Комитеттің бетпе-бет отырысы өткеннен кейінгі күннен бір ай ішінде төленетін қосымша сыйақыдан тұрады. Сонымен қатар, тәуелсіз директорға оның тұрақты тұратын жерінен тыс жүргізілетін Директорлар кеңесінің отырыстарына шығуымен байланысты шығындар (жол жүру, тұру, тәулік шығындар) өтеледі. Тәуелсіз директорларға төленетін сыйақы мөлшері жылдық есептерде көрсетілген. Ішкі аудит қызметі (ІАҚ) «Самұрық-Қазына» АҚ компаниялар тобында корпоративтік басқаруды диагностикалау әдістемесіне сәйкес Жылжымайтын мүлік қорының корпоративтік басқару жүйесіне бағалауды жыл сайын жүргізеді. Бағалау нәтижелері бойынша 2015 жылы корпоративтік басқару рейтингі 75% құрады, 2014 жылдың деңгейімен салыстырғанда 3,79 пайыздық санатқа жоғары. 2015 жылы ІАҚ 10 жоспарлы және 1 жоспардан тыс аудиторлық тексеріс жүргізді, оның ішінде: 1) Адами ресурстарды басқару шеңберінде негізгі рәсімдер мен міндеттердің орындалуын, Кадр саясаты мен ҚР еңбек заңнамасының сақталуын бағалау. Персоналмен есеп айырысу, салық заңнамасын сақтау жүйесін бағалау; 2) Инвестициялық жобалар департаментінің негізгі рәсімдер мен міндеттерді орындауын бағалау; 3) Басшы және басқарушы қызметкерлердің ҚНК есептеуінің дұрыстығын бағалау, 2014 жылғы ҚНК тиісті орындалуын растайтын фактілер мен құжаттардың болуы; 4) Техникалық бақылау және мониторинг департаментінің негізгі рәсімдері мен міндеттерінің орындалуын бағалау; 5) Қоғамдағы бұзушылықтар туралы мәліметтерді жинауға арналған тетіктер туралы хабардарлық деңгейді бағалау, сол тетіктің тиімділігін бағалау;	

			6) Қаржылық есептілікті дайындау процесіндегі кемшіліктерді жою бойынша бірыңғай іс-шаралар жоспарының сапалы орындалуын тексеру; 7) IT инфрақұрылымын бағалау (сараптау), IT процестерінің өнімділігі, жұмыс істеуінің толықтығы, қауіпсіздігі, тұтастығы сияқты және т.б. көрсеткіштерді талдау; 8) Қоғамдағы тәуекелдерді басқару жүйесінің сенімділігі мен тиімділігін бағалау; 9) Қоғамдағы ішкі бақылау жүйесінің сенімділігі мен тиімділігін бағалау; 10) «СК Девелопмент» ЖШС операциялық қызметін бағалау; 11) Меншікке алынған жылжымайтын мүлік қорын іске асыру тиімділігін бағалауды жүзеге асырды. Аудиторлық тексерістер қорытындылары бойынша Қоғамның компаниялар тобы қызметінің тиімділігін арттыруға, тәуекелдерді барынша азайтуға, ішкі бақылау және корпоративтік басқару жүйесін жетілдіруге бағытталған ұсынымдар әзірленді. Осы ұсынымдар негізінде түзету және алдын алу іс-шаралар жоспарлары әзірленді, тиісті басқарушылық шешімдер қабылданды. Қоғамның алқалы атқару органы болып табылатын Басқарма Жалғыз акционердің және Директорлар кеңесініңі шешімдерін орындайды, Директорлар кеңесіне есеп береді және оның алдында жүктелген міндеттерді орындау үшін жауапты. Басқарама мүшелерінің құқықтары мен міндеттері Жарғыда, Басқарма туралы ережеде, еңбек шартында белгіленеді. Басқарма туралы ережеде (ДК 22.04.2013 ж. №72 шешімімен бекітілген өзгерістермен ДК 09.06.2009 ж. №3 шешімі) Басқарма қызметінің ұйымдық-құқықтық негіздері, оның құзыреті, жауаптылығы, құрылу тәртібі, жұмыс тәртібі, шешімдерді ресімдеу және отырыстарды хаттамамен ресімдеу тәртібі, Басқарма мүшелерінің жауапкершілігі регламенттеледі. Басқарма Қоғамның ағымдағы қызметіне басшылық жасайды және	

			Қоғамның қызметіне қатысты басқа органдардың және Қоғамның лауазымды тұлғаларының құзыретіне жатқызылмаған мәселелер бойынша шешімдер қабылдайды. Жалғыз акционердің және Директорлар кеңесінің шешімдерін уақытылы және тез арада орындайды. Басқарманың отырыстары аптасына кемінде 1 рет өткізіледі. Басқарма 2015 жылы 48 отырыс өткізді, онда 222 мәселе бойынша шешім қабылданды. Басқарма 2015 жылы қабылдаған негізгі шешімдер: - Құрылыс жобаларын инвестициялау және іске асыру мәселелері бойынша; - Инвестициялық жобаларды іске асыру барысында туындайтын мәселелер бойынша; - Бос ақшаны уақытша орналастыру бойынша; - Тұрғын және тұрғын емес үй-жайларды сенімгерлікпен басқару шарттырын жасау бойынша; - Жылжымайтын мүлік қоры мен Жылжымайтын мүлік қорының еншілес компанияларының қызметін регламенттейтін ішкі құжаттарды бекіту және мақұлдау бойынша, оның ішінде: - «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ еншілес және тәуелді ұйымдарын басқару регламентінің жаңа редакциясын; - «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ жұмыс регламентінің жаңа редакциясын; - «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасы бойынша тұрғын және коммерциялық (тұрғын емес) үй-жайларды өткізу тәртібін (жаңа редакциясын); - «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ жылдық есебін қалыптастыру, бекіту, түзету және мониторингілеу қағидаларын (жаңа редакциясын); - «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ	

			қызметкерлерінің дербес деректерін қорғау туралы ережені; - «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ Тәуекелдерді сәйкестендіру және бағалау қағидаларын (жаңа редакциясын); - «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ Тәуекелдерді сандық бағалау әдістемесін; - «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ Қызметкерлердің қызметін бағалау қағидаларын (жаңа редакциясын);	
6	**Тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және аудит**	Ішінара сақталады	СҚЖМҚ-да тәукелдерді басқару СҚЖМҚ барлық деңгейлерінде Тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесін енгізу жолымен шоғырландырылған негізде жүзеге асырылады. СҚЖМҚ-да СҚЖМҚ Туекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесін дамыту тұжырымдамасына және СҚЖМҚ қызметін реттейтін нормативтік құқықтық актілерге сәйкес әзірленген ДК 01.10.2014 ж. №85 шешімімен бекітілген тәуекелдерді басқару саясаты қолданылады. СҚЖМҚ-да Тәукелдерді басқару жүйесінің құрылымы мынадай органдар мен Қордың бөлімшелерін: Директорлар кеңестерін, Басқарманы, Тәуекелдерді басқару комитетін, тәуекелдерді басқаруға жауапты құрылымдық бөлімшені, Ішкі аудит қызметін, өзге де құрылымдық бөлімшелерді тарта отырып, бірнеше деңгейдегі тәуекелдерді басқару арқылы көрсетілді. СҚЖМҚ жыл сайын немесе қажет болған жағдайда, өзінің мақсаттарына қол жеткізудің баламалы жолдарын белгілейді және сондай баламалы жолдармен, не мақсаттарға қол жеткізуге әсер ететін оқиғалармен байланысты тәуекелдерді айқындайды. Мұндай талдау тәуекелдерді сәйкестендіру үшін негіз береді. Тәуекелдерді басқару процесінің мыналармен: а) стратегиялық жоспарлау процесімен, б) операциялық қызмет процесімен, в) инвестициялық және кредиттік қызмет процесімен, г) бюджеттендіру процесімен, д) персоналды ынталандыру	Қоғамның Тәуекелдерді басқару саясатының 130-тармағына сәйкес (бизнес-процестерге талдау жүргізуге және қосымша бақылау әрекеттерін енгізудің қажеттілігі мен тиімділігін айқындауға жауапкершілікті тәуекелдер меншіктері – Қордың тиісті құрылымдық бөлімшелерінің басшылары атқарады). Алайда бұл жауапкершіліктің бизнес-процестерді жүргізу кезінде практикалық сипаты болмайды. КБ жетілдіру бойынша 2016-2018 жылдарға арналған орта

			процесімен өзара байланысы. Тәуекелдерді басқару процесі кросс-функционалдық өзара әрекеттесуге негізделеді. Функцияаралық (процесаралық) тәуекелдерді (бірнеше функциялардың (бизнес-процестердің) мақсаттарына әсер ететін тәуекелдер) басқару процесі әртүрлі бөлімшелерде (бизнес-процестердің қатысушылары мен басшыларында) бар ақпараттың негізінде бірлесіп қабылданған алқалы шешімдерге негізделеді. 2015 жылға арналған Тәбет тәуекелдері және төзімділік деңгейлері Директорлар кеңесінің 26.12.2014 ж. №89 шешімімен бекітілді. Ішкі бақылауды ұйымдастыруға және бақылау рәсімдерін жүргізуге қойылған талаптар Ішкі бақылау жүйесі туралы ереже (20.05.2015 ж. № 92 өзгерістері бар Директорлар кеңесінің 21.06.2010 ж. №32 хаттамасы) арқылы жүзеге асырылады. СҚЖМҚ-да Туекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесін бағалау әдістемесі (бұдан әрі - Әдістеме) (ДК 22.11.2012 ж. №68 хаттамасы), сондай-ақ Ішкі бақылау жүйесін бағалау әдістемесі (ДК 22.11.2012 ж. №68 хаттамасы), Тәуекелдерді саналық бағалау әдістемесі (Басқарманың 24.12.2015 ж. шешімі) қолданылады. Компанияның ДК 20.03.2013 жылғы өзгерістерімен (ДК №71 хаттамасы) ІАК жұмыс тәртібін, міндеттерін, функцияларын, құқықтарын, біліктілік талаптары мен міндеттерін, сондай-ақ ІАК-ның Компанияның Басқармасымен өзара әрекеттесуін бекітетін ІАК туралы ережені (ДК 21.04.2010 ж. №26 хаттамасы) бекітті. Жылдық аудиторлық жоспар (бұдан әрі - ЖАЖ) жыл ішінде КА және ДК отырыстарында қайта қаралады. Бұдан бұрын СҚЖМҚ Басқарма отырысында (30.09.2014 ж. №37/2014 хаттама) мақұлданған Карта мен СҚЖМҚ тәуекелдер тіркелімі, 2015 жылға арналған Аудит облыстары картасы, СҚЖМҚ СВА 2015-2017 жылдарға арналған стратегиялық жоспары, СҚЖМҚ ДК мүшелерінің ұсыныстары және ішкі аудиторлардың	мерзімді жоспарда 2017-2018 жылдары бизнес-процестерді жүргізу кезінде тәуекелдердің меншік иелерінің жауапкершілігін күшейту бойынша іс-шаралар жүргізу көзделген.

			2014 жылғы жүргізілген аудиторлық тапсырмалар нәтижелері бойынша кәсибі пікірлері 2015 жылға арналған ЖАЖ әзірлеу негізі болды. 2015 жылы 2015 жылға арналған ЖАЖ-ға сәйкес ІБЖ және ТБКЖ тиімділігіне бағалау жүргізді.	
7	**Ашықтық**	Ішінара сақталады	**Ақпаратты ашу** Ақпаратты ашу мақсаттары мен қағидаттарын, ақпаратқа рұқсат берілген мүдделі тұлғалар тобын, сондай-ақ әртүрлі мүдделі тараптарға ақпараттың тізімі мен ашу тәртібі, оның ішінде ақпаратты ашу кезеңділі мен мерзімдері айқындалған Ақпаратты ашу ережесі бекітілді (ДК 03.03.2010 ж. №21 хаттамасы). Ақпаратты ашу туралы ереже корпоративтік веб-сайтта жария түрде орналастырылған. Қоғамда ақпаратты ашудың құрылымдалған процесін қамтамасыз ететін және есептіліктің үлгісін, ақпаратты ашуға және ұсынуға жауапты органдарды, лауазымды тұлғаларды және функционалдық бөліністерді айқындайтын жылдық есепті жасау бойынша жыл сайынғы іс-шаралар жоспар-кестесі және Ақпаратты корпоративтік веб-сайтта орналастыру қағидалары бекітілді. Ақпаратты ашу ережесінде ақпаратты ұсыну мерзімі және жауапты құрылымдық бөлімшелер, сондай-ақ ДК, Басқарма мүшелерінің, Қоғамның басқа өкілдерінің ақпаратты ашу тәртібі қамтылған Жалғыз акционерге ақпарат беру тәртібі бекітілді. ДК ақпаратты ашудың ашықтығы мен тиімділігі туралы есепті ДК отырысында қарады (20.05.2015 ж. №92 хаттама). **Қаржылық және қаржылық емес есептіліктер** Қоғам жылдық, жартыжылдық және тоқсан сайынғы қаржылық есептілікті ҚЕХС-ға сәйкес дайындайды. Есептіліктің үш түрі толығымен Қоғамның веб-сайтында уақытылы орналастырылады. Жылдық қаржылық есептілік сыртқы аудит рәсімінен өткізіледі. 2015 жылғы жылдық қаржылық есептіліктің аудитін жүргізді (26.02.2016 ж. есеп).	ДК 18.03.2016 ж. №99 шешіміменҚоғамның Жарғысына ДК Жылдық есепті бекіту функциясын жүктеу жөнінде өзгерістер мен толықтырулар мақұлданды. Қазіргі уақытта Ақпаратты ашу туралы ережеге өзгерістер жобасы әзірленуде. Ереже ЖА Жарғыға өзгерістерді бекіткеннен кейін бекітіледі. Орта мерзімді жоспарға сәйкес аталған іс-шараның аяқталуы 2016 жылғы 3-тоқсанға дейін болжанады.

			Қоғам жылдық есепті мүдделі тұлғалардың кең тобы үшін дайындайды. 2014 жылдың біріктірілген жылдық есебі ЖА 29.04.2015 ж. №15/15 шешімімен бекітілді және Қоғамның веб-сайтында орналастырылды, сонымен қатар нысаналы мүдделі тұлғалар арасында баспа түрде таратылды. Қоғамның 2014 жылғы жылдық есебі «Қазақстан РА сарапшысы» рейтингті агенттігі өткізетін Жылдық есептер байқауына қатысуға ұсынылып, «Қаржы секторындағы ең үздік есеп» номинациясының лауреаты дипломымен марапатталды. 2015 жылғы жылдық есеп ДК бекітілді (18.03.2015 ж. №99 шешім). **Сыртқы аудит** Қоғамның 2015 жылғы қаржылық есептілігінің сыртқы аудитін «төрт үздіктің бірі» «Эрнст энд Янг» ЖШС жүргізді. Ол Қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына сәйкес Қоғамның және оның еншілес ұйымдарының 2015 жылғы 31 желтоқсанға қарағанда көрсетілген күнге аяқталған қаржы ахуалының, сонымен қатар бір жылдың ішіндегі қаржылық нәтижелер мен ақшалай қаражат қозғалысының дұрыс көрсетілгенін растады. Сыртқы аудитордың 2015 жылғы қорытындылары бойынша ұсынымдарының (4 ұсынымның 3-і орындалды,1 ұсынымның орындалуы 2016 жылға ауыстырылды) орындалуы 75 % құрады.	